БАЯНДАМА

Тақырыбы: «NEGESH» танымдық дамыту кешенінің мазмұны

NEGESH CORPORATION
negesh.international@gmail.com
Дайындаған: Ахметова А.Б.

«NEGESH» Мектепке дейінгі танымдық дамытудың мазмұны

Құрметті әріптестер, сіздерге бүгінгі конференцияда жас бүлдіршіндерге арналған ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие мен білім берудің «Negesh» инновациялық танымдық дамыту кешенінің мазмұнын қысқаша айтып өтемін!

«Negesh» инновациялық танымдық дамыту кешені Қазақстандық педагог ғалымдардың бірнеше жылғы үздіксіз ізденістері мен қажырлы еңбектерінің тұңғыш жарық көріп отырған туындысы. Бұл еңбектің негізгі мақсаты - жас ұрпақ ұландарымыздың дүниеге деген көзқарасын ұлттық дүниетаным аясында қалыптастыру, ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен дамыту.

2 жас пен 6 жас аралығындағы бүлдіршіндердің табиғатындағы негізгі ерекшелік айналасындағының барлығын танып-біліп, олардың қасиеттеріне, ерекшеліктеріне қарай *бағарлана* жіктеп-жіліктеп бастау.

Осы жас аралығында ата-ана мен тәрбиеші-педагогтің негізгі көңіл аударатын мәселесі баланың танымдық, талғамдық, талаптық және тапқырлық іс-әрекетіне мейілінше сай келетін жағдай туғызып, руһани құндылықтарды ажыратуға мүмкіндік жасау. Сонымен қатар осы жас аралығында бүлдіршіннің санасында заттың қасиетін, сынын сипаттайтын синоним сөздік қоры қалыптасып, заттар мен олардың қасиеттерін салыстырып-салғастырып бастайтын кезі, яғни дүниетаным іргетасының түрленіп бастайтын кезі. Міне, осы кезеңде бүлдіршіннің синонимдік сөздік қоры мен салыстыру-салғастыру сөз тіркестерін, қасиеттер туралы түсініктері мен танымдық даму іс-әрекеттерін ұлттық ойындар мен ұлттық таным технологияларының негізінде қалыптастыру қажет деп есептейміз.

«Negesh» кешенінің ғылыми негізіне қазіргі заманның озық философия мен психология және педагогика ғылымдырының жетістіктері, атап айтсақ, Әл-Фарабидің танымдық концепциясы, Абайдың «Толық адам» ілімі, Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегі мен жалпы «Ұлттық педагогика» ілімдерінің элементтері алынды. «Көш жүре түзеледі» дегендей «Negesh» кешенінің болашақта әлемде баламасы жоқ құнды тәрбие мен білім берудің жүйесі болып қалыптасатынына сеніміміз бек кәміл.

Сіздерді де осындай ізгі істің игілігіне үлес қосуға, Тәуелсіз Қазақстанымыздың берік болашағын бірге қалыптастыруға шақырамыз.

Енді, презентацияға назар аударыңыздар, қысқаша тоқталсақ:

Мемлекеттік стандарт моделіне сәйкес, мақсат міндеттері толық қамтылған.

Тек Бізде ғана:
- Ұлттық педагогикаға ғылыми негізделген бірегей әдісі мектепке дейінгі тәрбие;
- мектепке дейінгі ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеп және инновациялық технологиялар арқылы дамыту;
- инновациялық дидактикалық материал;
-педагог-тәрбиешілерді жетілдіру курсы;
- жетекші психологтардан ата-аналарға жеке консультациялар;
- мектепке дайындықтың үздік бағдарламалары;
- балалармен жұмыс істеудің креативті-шығармашылық әдістері.

Педаготарға:

«NEGESH» инновоциялық мектепке дейінгі дамыту біліктілігін арттыру курсы бағдарламасының мазмұны ғылыми негізде әзірленіп, педагогтердің кәсіби өсуінің үздіксіздігі қамтамасыз етіледі.
Курс барысында әдістемелік қолдау көрсетіледі.

Ата-аналарға:

«NEGESH» инновоциялық мектепке дейінгі дамыту орталығында ата-аналарға араналған: кездесулер, тренингтер, ашық сабақ, «Үздік ата-ана» конкурстары, жағдаяттық сауалнамалар мен өзара әріптестік іс-қимыл орнату арқылы ата-аналармен бірігіп, баланың афективті дамуына бірегей жұмыс жасау.

Балаларға:

«NEGESH» инновоциялық мектепке дейінгі дамыту орталығының әдістемелік жүйесі- баланың жас ерекшелігіне сай бір жылға 1 деңгейі 60 сабақтан тұратын, 4 деңгей жасалды:
2 жастан бастап – «Таным»;
3 жастан бастап – «Талғам»;
4 жастан бастап – «Талап»;
5 жастан бастап – «Тапқыр»;
6 жастан бастап - «Білімпаз».

«NEGESH» инновоциялық мектепке дейінгі дамыту орталығында балалардың жас ерекшелігіне арналған авторлық жобалар:
- эко ойыншықтар;
- балаларға арналған жұмыс дәптерлері;
- педагогтерге арналған әдістемелік құралдар.